



ЫІ. Алтынсарин атындағы облыстық
балалар мен жасөспірімдер кітапханасы

Ақпаратты - библиографиялық бөлім

Областная библиотека
для детей и юношества им. И. Алтынсарина


Информационно-библиографический отдел

«Біздің заманымыздың
жазушылары»

сериясы

Серия

«Писатели
нашего времени»



Мыржакып Дулатов

(1885-1935)

Биобиблиографиялық көрсеткіш

Қостанай, 2009

«Біздің заманымыздың жазушылары» атты биобиблиографиялық көрсеткіш сериясына тағы бір көрсеткіш ұсынып отырмыз. Бұл – балалар, жасөспірімдер, жастар арасында, және Қазақстан әдебиетін оқытатын мұғалімдер арасында көкейтесті тақырып болып отыр.

*Көрсеткішіміз **Міржақып Дулатовтың туғанына 125 жыл толуына** өмірі мен шығармашылығына арналған.*

Біздің көрсеткіштің мақсаты – кітап қорындағы материалдарды жинап, белгілі деген қазіргі заманның жазушыларының өмірі мен шығармашылығын оқырмандарға қазақ және орыс тілдерінде таныстыру.

*Көрсеткіште **Ы. Алтынсарин** атындағы ОБЖК кітап қоры пайдаланылды.*

Құрамында көлемді биографиялық материал, автордың шығармалары, өмірі мен шығармашылығы беріледі.

Көрсеткіштердің анықтамалық аппараты авторлардың, кітаптардың аты және мерзімді басылымдар тізімі алфавит бойынша беріледі.

БАЙЛАНЫС БАҒЫТЫ

Сіздер өздеріңіздің қалаған жазушылардың қызықты шығармалары, өмірбаяны және шығармаларымен танысқыларыңыз келсе осы жерде көрсете аласыздар

Сіздердің пікірлеріңізді мына мекен – жай бойынша күтеміз:

110000 Қостанай қаласы

Қасымқанов көшесі 74 үй

Ы. Алтынсарин атындағы ОБЖК

Ақпараттық – библиографиялық бөлім

Тел: 54-84-63, 54-11-61, 54-09-66

E-mail: allib@yandex.ru

Міржақып Дулатұлы Ақын, драматург, Алаш қайраткері

XX ғасырдың басындағы қазақтың ағартушылық, демократтық бағыттағы оқыған азаматтарының бірі — талантты қаламгер, қоғам қайраткері Міржақып Дулатов еді. Аумалы-төкпелі заманда елдің болашағы үшін атқарған күреске толық қызметімен де, шығармашылық мұрасымен де ол халқына аяулы, еліне құрметті. Міржақып қоғамда да, әдебиетте де халқының тәуелсіздігін бірінші кезекке қойды. Өз шығармаларында туған елін оятуға ұмтылды. Алаш қозғалысының белсенді қайраткері болды. Сол себепті де М. Дулатовтың есімі мен әдеби мұрасы туралы кеңес өкіметі тұсында айтуға да, жазуға да тыйым салынды. Тек Қазақстан өз тәуелсіздігін алған тұста ғана Міржақып халқына қайтып оралды. Есімі де, шығармашылық мұрасы да толық ақталды. 1991 жылы шығармалары жеке кітап болып оқырманға жетті.



Міржақып Дулатұлы (1885—1935)— қазақтың аса көрнекті ағартушысы, қоғам қайраткері, ақын, жазушы, жалынды көсемсөз шебері. Туған жері— Сарықопа уезінің, қазіргі Торғай облысының үшінші ауылы (қазіргі Қостанай облысы, Жангелдин ауданы, «Қызбел» ауылы). Әкесі— Дулат аймағына аты шыққан шебер кісі болған, ер тұрман жасап, етік, мәсі тіккен. Шешесі— Дәмеш ойын тойдың базары, әнші кісі болған.

Міржақып анасынан екі жасында, әкесінен он екі жасында айырылып, ағасы Асқардың қолында тәрбиеленеді. Асқар әкесі Дулаттың Міржақыптың оқып, білімді азамат болып, өсуін армандаған тілегіне сай, інісінің оқуын әрі жалғап, білім алуына ерекше көңіл бөледі. Міржақып 1897 жылы Торғай қаласындағы жаңағы екі класстық орыс-қазақ мектебіне түседі де, бес жыл оқып, 1902 жылы оны ойдағыдай бітіріп шығады. Содан алты-жеті жыл бойы ел ішінде, ауыл мектептерінде бала оқытады. Ол 1904 жылы Омбы қаласына қоныс аударып, онда А.Байтұрсынов, Ә.Бөкейхановпен танысты. Омбы, Қарқаралы, Орал, Петербор қалаларында көрнекті қоғам қайраткерлерімен пікірлесу, саяси қозғалыстарға араласу оның саяси-әлеуметтік көзарасының қалыптасуына ықпал етті. Ол 1905 жылы қазанның 17-інде Ресей үкіметіне қазақ халқы атынан жолданған Қарқаралы құзырхатын дайындаушылардың бірі болды. 1906 жылы Конституциялық демократтар партиясы делегаттары қатарында Петерборға барады. Түрлі сипатты жиындар мен саяси күштер ұйымдастырған көше шерулеріне, ереуілдерге қатысады. Осы кезден бастап Ресей үкіметі құпия полициясының саяси сенімсіз адамдар тізіміне ілінеді.

1907 жылы Петерборда жалғыз ғана нөмері шыққан «Серке» газетінде М.Дулатовтың «Жастарға» атты өлеңі басылды. Ал осы газеттің жарық көре алмай кеткен екінші санында Дулатұлы қаламынан туған «Біздің мақсатымыз» атты бас мақала бар екен. Газеттің шықпай жатып тұншықтырылуына басты бір себеп те осы мақала болса керек. Өйткені осыдан екі жыл кейін жарық көрген «Оян, қазақ!» атты өлеңдер жинағы тәркіленіп, автор патшалықтың әкімшіліктің тарапынан саяси құғынға ұшыраған кезде, жандарм қызметкерлерінің тағатын негізгі кінәсіның өзі – сол Петербургте тұтқындалған газет мақаласының идеяларын әрі қарай уағыздағандығы деп көрсетілген.

Сөйтіп, біріне – бірін жалғастыра, жеделдете жазып, әр түрлі тақырыптар тонірегінде ой толғаған тәбіреністері бірер жылдың ішінде әжептәуір жинақ болып тізіледі. Болашақ кітабінің арқалайтын әлеуметтік жүзін айқын түсінген ақын оны дереу Уфа қаласындағы «Шарк» баспасынан «Оян, қазақ!» деген атпен 1909 жылы бастырып шығарады. Міржақыптың ақындық данқын қазақ арасына кеңінен таратқан - «Оян, қазақ!» жинағы. Бұл кітап татар, башқұрт оқығандарының да назарын аударды. Ақынның өлеңін кімге арнағаны, не айтпақ болғаны, көнілін толқытқан қандай жайлар екені кітаптың сыртына жазылған:

Көзінді аш, оян, қазақ, көтер басты,
Өткізбей қараңғыда бекер жасты.
Жер кетті, дін нашарлап, хал һараб боп,
Қазағым, енді жату жарамас-ты, -

деген беташар бір шумақ өлеңінен танылады. «Оян!» сөзі оның биік идеялық мақсаты, басты рухани нысанасы. Ақын қазақты оятамын деп маса болып шаққан А. Байтұрсыновқа қосылып, ұйықтаған жұрттың зердесіне ой салады. Тек қана қазақтың бодан болып, құл болып қаналғанын, құдай берген атамекен жер-суынан айрылып таланғанын айтқаны үшін ғана болатын. Міржақыптың Алаш қозғалысындағы қайраткерлік қызметінің алғашқы кезеңі осылай аяқталған. Қазақ оқырмандары үшін бұл кітаптың әсері үлкен болды, ауыл арасында қолдан-қолға тарап аз уақыттың ішінде ақынның есімі танымал болды. Ресей әкімдері тарапынан бұл кітапты оқуға тыйым салынып, қолға түскен даналары тәркіленді. Балаларына орыс тілінен дәріс берді. Сол кезде біраз уақыт М.Жұмабаев одан дәріс алды. Қоғам қайраткері Қызылжарда сот кеңсесінде тілмаштық қызмет атқарып, мұғалімдігін де жалғастырды, қазақ 1910 жылы Қазандағы Каримовтер баспасынан «Бақытсыз Жамал» романы жарық көрді. Роман туралы алғаш пікір айтқан А. Байтұрсынов: «Қазақта бұрын роман жоқ еді. Біздің арамызда бірінші роман жазған М. Дулатов болды», - деп жазды. Абайдың қара сөздері, Ыбырайдың шағын әңгімелері, «Дала уалаяты», «Айқап» беттерінде жарияланған бірен – саран әңгіме үлгілері қазақ әдебиетінде кең көлемді проза дәстүрін жасай алмаған еді. Сондықтан «Бақытсыз

Жамал» жаңа жанырдың төлбасы саналады. Қазақтың батырлық, қаһармандық және ғашықтық эпостарындағы әңгімелеу, қызықты сюжет құру дәстүрі жаңа романға мықты үлгі болғаны даусыз. «Бақытсыз Жамал» жаңалшылдығы оның бұдан былайғы қазақ романының тақырыбы мен проблематикасына жол сызып бергендігінде. Және де ол көркем прозаның тілі мен стилі қандай бағытта даму керектігіне де үлгі болды. Композициялық тұрғыдан келгенде, романда лирикалық шегініс, қатар өрбитін желілер, қосымша эпизодтар жоққа тән. Оқиғалар тізбегі бірімен – бірі байланысып, желісі үзілмейді. Романда сол кездегі қазақ ауылының реалистік келбеті, біртіндеп ене бастаған жаналықтардың суреттері бар. Міржақыптың поэзиялық шығармаларында жиі кездесетін арб, парсы, татар сөздері «Бақытсыз Жамалда» жоққа тән, оның есесіне, кейбір орыс сөздерін өз қалпында алды. Романның басы мен аяғы өлең сөзбен көмкерілген. Сөйтіп, өз мезгілінің күрделі әлеуметтік, қоғамдық мәселесін көтерген, махаббат бостандығын жыр еткен, жанрлық тұрғыдан қазақ әдебиеті үшін жаналық болған «Бақытсыз Жамал» арқылы жиырма бес жастағы М. Дулатов ұлттық әдебиетімізде тұңғыш романшы болды.

«Бақытсыз Жамалдан» кейін оның ізін баса С. Көбеевтің «Қалың мал» (1913), С. Торайғыровтың «Қамар сұлу» (1914) романдары дүниеге келді.

1911 жылы әр өлкедегі ел тұрмысын өз көзімен көру ниетімен қазақ ауылдарын аралап, Қызылжардан Семей облысына қарай саяхатқа шығады. Құпия полиция тыңшыларының қатаң аңдуына алынған ол сол жылы маусымның 7-інде Семей қаласына келгенде түскен үйіне тінту жүргізіліп, тұтқындалады да, 19 ай қамауда отырады. 1912 жылы Орынборға келіп, ондағы қазақ зиялылары ақыл қосып, ел санасын оята беру мақсатымен баспасөз қызметін қолға алуды ұйғарады. 1913-1918 жылдары «Қазақ» газетінің бас редакторы А. Байтұрсыновтың орынбасары, жауапты хатшы қызметінде болды. Осы кезеңде оның «Азамат», «Бақытсыз Жамал» (екінші рет), «Терме» кітаптары жарық көрді. 1917 жылы ақпанның 25-інде Торғай губернаторы М. Эверсман Ә. Бөкейхановтың ұсынысымен М. Дулатовқа және дәрігер Ә. Алдияровқа арнайы куәлік беріп, Минск маңы мен Баранович қаласында тыл жұмыстарында жүрген қазақтарға қолдау көрсетіп, жетекшілік етуге жібереді. М. Дулатов Минскіде Ә. Бөкейханов ұйымдастырған «Еркін дала» атты саяси үйірменің ісін жандандырып, қазақ жастарының көзқарасын қалыптастыруға ықпал етті. М. Дулатов 1916 жылғы оқиғалардың зардабынан қырғынға ұшырап, босқынға айналған елге көмектесу мақсатында, Семей қаласында, қазақ тарихындағы ең алғашқы «Жанар» жәрдем қорын ұйымдастырды.

Осы жылдары Алаш қозғалысы мен Алашорда үкіметінің жұмысына белсен араласты. Ол Алаш қозғалысы жетекшілерінің бірі ретінде 1917 жылы Орынборда өткен 1-2-ші жалпықазақ съезіне белсене қатысып, «Алаш» партиясының бағдарламасын жазды. 1917 жылы Қызылжарда сот мекемелерінде, 1918-1920

жылдары Ташкент қаласында Түркістан Республикасының «Ақ жол» газетінде қызмет етті. 1922 жылы Алаш қозғалысына қатысқаны үшін қамауға алынып, Орынборға жөнелтіледі де, сонда қамаудан босатылады. Семей қаласында 1922 жылы наурыздың 9-ында қазақ зиялылары бас қосып, ашыққан елді аман сақтап қалу үшін сенімді азаматтарды елге шығарып, шаруасы күйлі азаматтардан жылу ретінде мал жию керек деген байламға тоқтайды. М.Дулатов мен Ж.Аймауытов осы іске басшылық жасап, екі-үш айда 15 мың бас ірі қара жиып, ашыққан елді-мекендерге жіберді. 1922-1926 жылдары Орынбордағы Қазақ халық ағарту институтында оқытушы, Қызылжарда, Семейде сот мекемелерінде, Қызылордада мерзімді баспасөз орындарында қызмет етті. 1928 жылдың желтоқсанында қамауға алынып, екі жылдан кейін ату жазасына кесіледі, кейін он жылға абақтыға ауыстырылады. Беломор-Балтық арнасының құрылысы бойында Сосновск стансысындағы лагерьде жазасын өтейді. 1935 жылы қазанның 5-інде осы лагерьдің лазаретінде ауыр науқастан қайтыс болды. Сүйегі 1992 жылы қыркүйектің 1-18 аралығында Торғай өңіріндегі өз есімімен аталатын ауыл бейітіне әкелініп, қайта жерленді. М. Дулатов көрнекті саясаткер. Ресей империясының отарлық саясаты, атақонысы мен мал-мүлкінен, дәулетінен айрыла бастаған халқының мұң-зары, ауыр тұрмысы оны саяси күрес жолына шығарды. Ол «Қазақ» газеті бетінде алуан түрлі саяси-әлеуметтік мәселелерді көтерді. Зәбір, зорлық көрген қарапайым адам құқы мен отарлық езгі тепкісіндегі қазақ елі туралы тынбай жазды. Оның шығармалары зорлыққа қарсы тұруға, күресуге үндейді. «Жастарға» өлеңі мен «Біздің мақсатымыз» мақаласынан бастап барлық шығармалары осы мақсатты ғана көздейді. М.Дулатовтың 20 ғасырдың басындағы қазақ әдебиетінде бостандық, азаттық, теңдік тақырыптарын оқу, өнер, білім, өркениет мәселелерімен байланысты қозғаған. «Оян, қазақ!» жинағындағы барша шығармалары отарлық қанауға ұшыраған қазақ халқы басындағы келелі мәселелерді қозғап, оны күреске шақырды. «Терме», «Азамат» жинақтарындағы өлеңдерінде қазақ еліне бостандық аңсаған ойларын жалғастырды. Қазақ прозасы тарихына орны бар «Бақытсыз Жамал» романы қазақ қыздарының басындағы ауыр жай-күйді, қазақ даласына ене бастаған жаңа қатынастарды суреттейді. Оның «Балқия» пьесасы қазақ ауылындағы маңызды әлеуметтік мәселелерді қозғаған, ондағы ояну мен ойлану процестерінің жемістері ретінде әрекет ете бастаған қазақ жастарының түрлі типтерін бейнелейді. М.Дулатов шығармашылығының үлкен саласы ? журналистика. Ол «Айқап» журналынан «Еңбекші қазаққа» дейінгі аралықтағы баспасөз ұйымдарының қызметіне белсене араласты. Әсіресе өзі негізін қалаушылардың бірі болған «Қазақ» газеті Қазақстанда өтіп жатқан саяси-әлеуметтік, мәдени-шаруашылық, оқу-ағарту, өнер-білім салаларындағы әрекеттердің көш басында тұрды. Қоғамдық сананы оятуда, қазақ журналистерінің алғашқы буынын қалыптастыруда, тәрбиелеуде өлшеусіз үлес қосты. Оның мерзімді баспасөз, баспа ісі мен оқу-ағарту туралы жазбалары да саяси-әлеуметтік

ойларға толы. Ол 1916 жылғы маусым жарлығынан соң Ресей үкіметі мен қазақ халқы бетпе-бет келген қиын күндерде де аса күрделі саяси мәселелердің ушығып кетпеуі үшін күресті. Қазақстанның аса көрнекті қоғам қайраткерері жайында очерк, әңгіме, портрет, тарихи дерекнамаларын орыс, татар басылымдарында да жариялады. Оларды өзге халықтарға танытуға күш салды. «Абай», «Хан Абылай», «Қазақ ақыны», «Қазірет Сұлтан», «Ахмет Байтурсынович Байтурсынов», т.б. іргелі зерттеу мақалаларын жазды. Қоғам қайраткері Қазақстан мен қазақ халқының тегі, тарихы туралы еңбектер жазып қалдырды. Әсіресе «Қазақ, қырғыздың ата-тегі» туралы көлемді шығармасы 20 ғасыр басындағы осы сипаттағы еңбекер арасынан тарихи деректік мазмұнымен назар аудартады. Еңбекте 18 ғасырда қазақ елі туралы жазған Г. Миллер, П. Паллас, И. Георгий, Н. Рычков, Ф. Фишер, 19 ғасырдағы Г. Клапорт, К. Рейтер еңбектеріндегі көптеген пікірлердің терістігін, тарихи мәліметтер бұрмаланатыны атап көрсетіледі. Қазақ тарихын зерттеушілер арасынан А. Левшинді айрықша бағалайды. Орыс, түрік, қытай, т.б. халықтардың танымал тарихшыларының еңбектеріне сүйене отырып, қазақ, қырғыз халықтарының тегі туралы байсалды ой айтады. «Қазақ» этнонимінің тарихта белгілі болуы туралы нақты деректер келтіре отырып, оны бертінде ғана топтасқан қрама халық деп есептейтін көзқарасты тарихи, жүйелі негізді дәлелдермен жоққа шығарады. О. Синковский, В. Григорьев, Э. Мэйр, В. Радлов, Н. Ибрагимов, т.б. пікірлерінің тарихи деректен гөрі болжамды сипатын көрсетеді. Ол Фердоусидің «Шахнамасындағы» қазақтар туралы мәліметтерге, қазақтар жайында 10 ғасырдағы Вамбери пікіріне сүйене отырып, қазақ атауының тарихы ежелгі дәуірлермен астасады деген пікірге тоқталады. М. Дулатовтың ағартушылық қызметі ауылда бала оқытудан басталды. Оқу-педагогтік қызмет - өмір бойы қаламгердің айрықша көңіл аударған, қолы босаған сәтте ықыласпен айналысқан жұмыстарының бірі. Қазақ халық ағарту институтында ұстаздық еткен жылдары ол осы саланың өзекті мәселелері туралы өткір мақалалар жазды, жаңа шаңырақ көтеріп жатқан оқу орындарына арнап «Есеп құралы. Бастауыш мектеп оқушыларына», «Есеп құралы. Бастауыш мектепте екінші жыл оқытылатын», «Қирағат кітабы» оқу құралдарын шығарды. Ерте оянып, ерте есейген өр мінезді М. Дулатов қашанда күрес шебінің алдында болды. Жалынды сөзімен де, тындырымды ісімен де өзінен кейінгі жастарға әсер етіп, оларды халық ісіне алаңсыз берілуге үндеді. Жазушылық, қоғамдық қызметке педагогтік міндетті қосарлап көтеруі де оның халқын беріле сүйетіндігінің айғағы еді. Ел бейнетіне өгіз болып жегіліп, ертеңі үшін жанын қиған қоғам қайраткері: «Ем таба алмай дертіңе мен ертеден, Сол бір қайғың өзегімді өртеген. Тырп етпейсің бас көтеріп көрпеден, Еңсең неге түсті мұнша, елім-ай», - деп дүниеден арманда өтті.

М. Дулатұлының есімі ақталып, бүкіл шығармашылық мұрасы халыққа қайтарылғалы жиырма жылға таяу уақыт болды. Содан бері оның әлеуметтік-саяси

және әдеби-публицистикалық қызметін зерттеп, қоғамдық сананың игілігіне айналдыру жөнінде бірсыпыра істер атқарылды.

Бұл бағыттағы алғашқы тындырымды қадамдар ретінде 1988 жылы 4 қарашада Қазақ КСР Жоғарғы сотының шешімімен оның заң жүзінде азаматтық жағынан ақталуын және 1989 жылы 26 шілдеде М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының ұсынысымен Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті комиссиясының қорытындысы бойынша қаламгердің шығармашылық мұрасы идеялық-саяси тұрғыдан ақталғанын атап көрсетуге болады.

Артында қалған жалғыз мұрагері Гүлнар Міржақыпқызының ерекше күш салып, қалам тербеуі арқасында “Шындық шырағы” атты екі томдық естелік еңбегі оқырман қауымға тарту етілді.

Осындай жүйелі жұмыстардың нәтижесінде 2002-2004 жылдары Алаш ардагерлері ішінде алғашқы болып М.Дулатұлы шығармаларының бес томдық академиялық басылымы жарық көрді. Солардың барлығының бір түйінді нәтижесі ретінде бір топ жас ізшілдердің табанды ізденісі арқасында сонау солтүстіктегі Карелия жерінде дамылдап жатқан ардагер аға мүрдесі Торғай жеріндегі өзінің туған топырағына әкелініп, қазақ дәстүрімен қайта жерленді.

Біздің қаламызда қазақтың ақыны, жазушысы, ағартушы – педагогы Міржақып Дулатовтың атындағы білім ошағы бар. Ол Қостанай Инженерлік-экономыкалық университет. 2003 жылдың 30 мамырда Қазақстан Республикасы Үкіметінің Жарлығымен университетке әйгілі қоғамдық және мәдениет қайраткері Міржақып Дулатовтың есімі берілді. 2001 жылы 50 лет Октября көшесіне М. Дулатұлының есімі берілді. Сол көшеде ескерткіш тақтасы бар.

Мыржақып Дулатовтың шығармалары

1. Дулатов, М. Оян, қазақ!: өлең / М. Дулатов // Жаттамақ.- Алматы, 1994. - 228 б.
2. Дулатов, М. Оян, қазақ!: роман, өлең-жырлар, әңгімелер / М. Дулатов; құраст. Н. Ақбай. - Алматы: Атамұра, 2003.- 192 бет. - (Атамұра кітапханасы).
3. Дулатов, М. Бақытсыз Жамал; Жомартбаев Т. Қыз көрелік; Аймауытов Ж. Ақбілек: романы / М. Дулатов. - Алматы: Жазушы, 2009. - 320 б. - (Қазақтың 100 романы).
4. Дулатов, М. Қош келдің, Наурыз! / М. Дулатов // Қазақ әдебиеті.- 2006. - 17 - 23 наурыз. - 1 б.
5. Дулатов, М. Қазақ халқының бұрынғы һәм бүгінгі хәлі: өлең // М. Дулатов; бас редактор Ә. Нысанбаев // Екімыңжылдық дала жыры.- Алматы. - 2000. - 327-328 б.
6. Дулатов, М. Оян, қазақ! / М. Дулатов; құраст.-автор Е. Шаймерденұлы // Қазақ афоризмдері. - Алматы.- 2008. - 146-147 б.

7. Дулатов, М. Хазірет сұлтан / М. Дулатов // Тарих-адамзат ақыл - ойының қазынасы: 10 томдық. 10 т.: Түркі халықтарының тарихи ойы.- Астана.- 2006. - 92-116 б.
8. Дулатов, М. Қазақ зиялылары / М. Дулатов // Мәдени мұра. - 2009. - № 5. - 47-49 б.
9. Дулатов, М (1885-1935). Жана тілек; Жас қазақтар, қайдасың; Елім-ай!; Рассвет; Пожалейте сирот: стихи / М. Дулатов // Казахская литература: хрестоматия. Учеб. пособ. для 10-11 кл.- Алматы, 2004. - 150-153 б.
10. Дулатов, М. Нақыл сөздер / М. Дулатов // Айгөлек.- 2007. - № 9. - 4 б.
11. Дулатов, М. Қыс: әңгіме / М. Дулатов // Жыл - он екі ай.- 2008. - № 5. - 1 б.
12. Дулатов, М. Жастарға: өлең / М. Дулатов // Ұлан.- 2008. - № 50 (16 желтоқсан). - 6 б.

Мыржақып Дулатовтың туралы әдебиеттер

13. Әлім, Қ. Міржақыптың ауылы: [Міржақып Дулатов] / Қ. Әлім // Егемен Қазақстан. - 2003. - 31 желтоқсан. - 4 б.
14. Әлім, Қ. Жасындай жарқыл: М. Дулатұлының жетінші атасы Мадияр Жауғаштыұлының тағдыр-талайы туралы түйін / Қ. Әлім // Егемен Қазақстан.- 2009. - 29 шілде. - 14 б.
15. Әлім, Қ. Парыз бен қарыз / Қ. Әлім // Егемен Қазақстан. - 2010.- № 69-72. - (24 ақпан). - 5 б.
16. Әлім, Қ. Міржақып мазарындағы қос ұя / Қ. Әлім // Егемен Қазақстан.- 2005.- 21 қазан.- 5 б.
17. Жақсанов, О. Қазақты ұйқыдан оятқан: немесе Алаш қозғалысының көрнекті қайраткері Міржақып Дулатов жайлы толғаныс / О. Жақсанов // Қостанай.- 2009.- 17 ақпан. - 6 б.
18. Жүнісова, А. Жеке тұлғаның өзіндік білімін көтеру / А. Жүнісова // Мектептегі сыныптан тыс жұмыстар. - 2007.- № 7. - 52-56 б.
19. Жүсіп, Қ. VIII сыныпта өлең оқыту: [Міржақып Дулатовтың "Елім-ай", Ілияс Жансүгіровтің "Жетісу суреттері" өлеңі бойынша] / Қ. Жүсіп // Қазақ тілі мен әдебиеті. - 2006.- № 6 - 3-8 б.
20. Жұмабаев, Н. Міржақыптың есімі ғасырлар жасайды [Мәтін] : М. Дулатов туралы / Н. Жұмабаев // Қостанай таңы.- 2004.- 24 қараша.
21. Жұртбай, Т. Міржақып Дулатов / Т. Жұртбай // Түркістан. - 2008.- 13 қараша. - 7 б.
22. Жұртбай, Т. Міржақып Дулатов / Т. Жұртбай // Түркістан.- 2008.- 20 қараша. - 7 б.

23. Ибраим, Д. Міржақып өлеңдеріндегі ислами сарын / Д. Ибраим // Ақиқат.- 2009. - № 2. - 69-75 б.
24. Имашева, Г. М. Дулатұлының "Есеп құралы" оқулығының тәрбиелік мәні / Г. М. Имашева // Қазақ тілі мен әдебиет. - 2006. - № 8. - 57-64 б.
25. Кәкішұлы, Т. "Оян, қазақ" қалай қуғындалды? / Т. Кәкішұлы // Егемен Қазақстан.- 2005.- 7 қыркүйек.- 7 б.
26. Кәкішұлы, Т. Қаскөйлікті жеңген азаматтық: [Міржақып Дулатов] / Т. Кәкішұлы // Әдебиет айдыны. - 2007. - 20 қыркүйек. - 4 б.
27. Комратова, В. Алаш Орда (ағылшын тілінде) / В. Комратова // Болашақ. - 2009.- № 4. - 12-13 б.
28. Қазақтың ұлттық ояну философиясы // Қазақ халқының философиялық мұрасы. Жиырма томдық. 11 т.: ХХ ғасыр басындағы қазақ философиясы. - Астана, 2008. - 302-399 б. - (Мәдени мұра).
29. Қирабаев, С. Алашорда және қазақ әдебиеті / С. Қирабаев // Егемен Қазақстан.- 2007. - 7 қараша.- 5 б.
30. Қирабаев, С. Тәуелсіздік идеясы және "ұлтшылдық" әдебиеті / С. Қирабаев // Ақиқат.- 2009.- № 1. - 58-66 б.
31. Қыдырханұлы, У. Әттең, Алтай, Марқакөл!: [М. Дулатовтың Өр Алтайдағы іздері] / У. Қыдырханұлы // Ана тілі. - 2007.- 16 тамыз. - 12 б.
32. Қызыл аждаһамен алысқандар кімдер? // Ыдырысов, Ә. Бағдарымыз - өркениет өрісі. - Алматы, 2000. - 84-108 б.
33. Қызыл қырғын-жан ауыртар құрбандық / Құраст. Ш. Күмісбаев // Тұңғыштар. - 2008. - 121-156 б.
34. Міржақып Дулатұлы (1885-1935) // Қазақ әдебиетінің тарихы. Он томдық. 6 т.: ХХ ғасырдың басындағы қазақ әдебиеті (1900-1917).- Алматы.- 2006. - 322-355 б.
35. Міржақып Дулатов. Елімен қайта табысқан есім: мультимедиялық әдістемелік құрал. - Қостанай: Л.Н. Толстой ат. ОӘҒК, 2010.
36. Міржақып Дулатұлы математика терминдерін алғаш жасаушы // Құрманбайұлы Ш. Алаш және терминтану: монография. - Алматы.- 2008. - 147-150 б.
37. Міржақып Дулатов / Құраст. Б. Нұржекеұлы // Жүз тұңғыш. Жинақ. 2 кітап.- Алматы.- 2005. - 57-62 б.
38. Міржақып Дулатов – Петроградта // Ескендір-Әбдешев, М. Қазақ портреттерінің тарихы.- Алматы, 2008. - 136-138 б.
39. Міржақып Дулатов (1885-1935) // Қазақ әдебиетінің қысқаша тарихы: оқу құралы. - 2 кітап.- Алматы, 2002. - 83-104 б.
40. Мақалқызы, Б. Халқын оятқан қаламгер: [М. Дулатовтың өмірі мен шығармашылығы туралы сабақ] / Б. Мақалқызы // Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде.- 2003. - № 6. - 80-87 б.

41. Мешітбаев, Н. Ұлы Жақан және ұлттық мүдде: [Міржақып Дулатов туралы] / Н. Мешітбаев // Қостанай таңы. - 2006.- 21 шілде. - 8 б.
42. Мәулетов, Ғ. Қос арыс: Ахаң мен Жақан өмірінің кейбір беттері / Ғ. Мәулетов // Қостанай таңы.- 2005.- 1 қараша. - 6 б.
43. Мәулетов, Ғ. Қос арыс: Ахаң мен Жақан өмірінің кейбір беттері / Ғ. Мәулетов // Қостанай таңы.- 2005. - 8 қараша.- 3 б.
44. Нұрғали, Р. Мен біткен ойпаң жерге аласа ағаш: [Міржақып Дулатов туралы] / Р. Нұрғали // Нұрғали, Р. Қазақ әдебиетінің алтын ғасыры. Зерттеу.- Астана. - 2002. - 63-92 б.
45. Нұрғали, Р. Мен біткен ойпаң жерге аласа ағаш / Р. Нұрғали // Діңгек. II томдық. - Алматы, 2009. - 45-65 б.
46. Нұрданқызы, Г. М. Дулатұлы. Шешенің балаларын сүйі: [8 сынып] / Г. М. Нұрданқызы // Қазақ тілі мен әдебиеті. - 2007. - № 9. - 58-61 б.
47. Нұрмұратов, С. Қазақ зиялыларының саяси-әлеуметтік философиясы / С. Нұрмұратов, Ә. Нысанбаев, Т. Ғабитов // Қазақ халқының философиялық мұрасы. Жиырма томдық. 11 т.: XX ғасыр басындағы қазақ философиясы.- Астана.- 2008. - 400-410 б.- (Мәдени мұра).
48. Нұрпейіс, К. "Тұтқындалған" "Оян, қазақ" Алматыда / бас ред. Б. Аяған // Нұрпейіс, К. Тарихи тұлғалар.- Алматы.- 2007. - 7-10 б. ("Қазақ энциклопедиясының" кітапханасы: "Тұлғалар").
49. Омаров, А. Ұлы мақсат және оның құрбандары / А. Омаров // Түркістан. - 2008.- 11 қыркүйек. - 7 б.
50. Омарова, Р. "Бақытсыз Жамал" романы: [10 сынып] / Р. Романова // Қазақ тілі мен әдебиеті. - 2007. - № 9. - 46-50 б.
51. Оспанұлы, С. Міржақып-ақын – публицист / С. Оспанұлы // Қостанай таңы. - 2005. - 9 желтоқсан. - 5 б.
52. Оспанұлы, С. Міржақып пен Мағжан / С. Оспанұлы // Қостанай таңы.- 2006. - 17 ақпан. - 5 б.
53. Оспанов, С. Жанашырлықтан туған жан айқайы: [М. Дулатов -125 жыл] / С. Оспанов // Жас өркен. - Қостанай.- 2010.- № 3. - 12-15 б.
54. Сабақ-білім қорының басты тұлғасы // Шәбжантайқызы, М. Ұстаз-мектептегі басты тұлға. - Көкшетау. - 2004. - 18-34 б.
55. Сәрсекеев, Қ. Қазақты оятқан қазақ: [М. Дулатов туралы] / Қ. Сәрсекеев // Түркістан.- 2004.- 10 маусым.
56. Сәрсекеев, Қ. Үш эссе: [М. Дулатов, М. Әуезов, С. Мұқанов] / Қ. Сәрсекеев // Жұлдыз. - 2004.- № 6. - 129-148 б.
57. Сәрсекеев, Қ. Жүректен қашан шығар қадалған оқ.../ Қ. Сәрсекеев // Алтын Орда.- 2005. - 1 желтоқсан. - 4 б.
58. Сәрсекеев, Қ. Жүрегім менің қырық жамау: ғұмырнамалақ эссе-баллада / Қ. Сәрсекеев // Жұлдыз. - 2009.- № 6. -154-165 б.; № 7. - 171-180 б.

59. Тәуірбай, Қ. 31 мамыр - ашаршылық және саяси қуғын - сүргін құрбандарын еске алу күні // Айгөлек.- 2003. - № 6. - 24 б.
60. Төлеуова, С. "Бақытсыз Жамал" романындағы Жамал бейнесі: [Х сынып] / С. Төлеуова // Қазақ тілі мен әдебиеті.- 2007.- № 8. - 21-25 б.
61. Турысбек, Р. "Бес арыс": каз. поэты - писатели / Р. Турысбек; пер. Ж. Маменова; худож. Е. Козлова.- Алматы: Аруна, 2002.- 11 с.: ил. -(Сен білесің бе?).
62. Ысқақ, Д. "Қай жұрттың болса да жаны – әдебиет"/ Д. Ысқақ // Жұлдыз.- 2005.- № 11. - 149-159 б.
63. Ысқақұлы, Д. Алашшыл әдеби сын: [Абай, А. Байтұрсынов, Ә. Бөкейханов, Шәкерім, С. Торайғыров, М. Сералин, М. Дулатов, Ж. Аймауытов шығармалары туралы] / Д. Ысқақұлы // Ысқақұлы, Д. Сынталқы.- Алматы, 2005. - 39-71 б.
64. Ысқақұлы, Д. Қай жұрттың болса да жаны - "әдебиет": М. Дулатовтың шығармалары туралы] / Д. Ысқақұлы // Ысқақұлы, Д. Сынталқы.- Алматы, 2005. - 148-164 б.
65. Ысмағұлов, Ж. Сәулесі жарық жолға ұмтылған: Міржақып Дулатұлының бес томдық шығармалар жинағы жайлы ойлар / Ж. Ысмағұлов // Егемен Қазақстан.- 2004. - 16 қыркүйек.
66. Ысмағұлов, Ж. Міржақып / Ж. Ысмағұлов // Егемен Қазақстан.- 2007. - 19 маусым. - 6 б.
67. Ысмағұлов, Ж. "Оян, қазақ!" жинағының алғашқы басылымына жүз жыл толды / Ж. Ысмағұлов // Егемен Қазақстан.- 2009.- 5 мамыр. - 5 б.

Авторлар көрсеткіші

Ақбай Н.	2	Имашева Г. М.	24
Аймауытов Ж.	62	Кәкішұлы Т.	25, 26
Байтұрсынов А.	62	Козлова Е.	61
Бөкейханов Ә.	62	Комратова В.	27
Әлім Қ.	13-16	Қирабаев С.	29, 30
Ғабитов Т.	46	Күмісбаев Ш.	33
Дулатов М.	1-12, 34-38, 62	Құрманбайұлы Ш.	35
Ескендір-Әбдешев М.	38		
Жақсанов О.	17	Қыдырханұлы У.	31
Жүнісова А.	18	Мақалқызы Б.	40
Жүсіп Қ.	19	Маменова Ж.	61
Жұмабаев Н.	20	Мешітбаев Н.	41
Жұртбай Т.	21, 22	Мәулетов Ғ.	42, 43
Ибраим Д.	23	Нұрғали Р.	44, 45

Нұржекеұлы Б.	37	Тәуірбай Қ.	59
Нұрданқызы Г. М.	46	Торайғыров С.	62
Нұрмұратов, С	47	Төлеуова С.	60
Нұрпейіс К.	48	Турысбек Р.	61
Нысанбаев Ә.	47	Шәбжантайқызы М.	53
Омаров А.	49	Шәкерім	63
Омарова Р.	50	Ыдырысов Ә.	32
Оспанұлы, С.	51, 52	Ысқақ Д.	62
Оспанов С.	53	Ысқақұлы Д.	63, 64
Сәрсекеев Қ.	54-58	Ысмағұлов Ж.	65-67
Сералин М.	62		

Шығармалардың алфавиттік көрсеткіші

Алаш және терминтану	36
Бағдарымыз - өркениет өрісі	32
Бес арыс	61
Жаттамақ	1
Діңгек	45
Елімен қайта табысқан есім	35
Екімыңжылдық дала жыры	5
Жүз тұңғыш	36
Оян, қазақ	2
Казахская литература	9
Қазақ афоризмдері	6
Қазақ әдебиетінің алтын ғасыры	44
Қазақ әдебиетінің қысқаша тарихы	39
Қазақ әдебиетінің тарихы	34
Қазақ портреттерінің тарихы	38
Қазақ халқының философиялық мұрасы	28, 47
Сынталқы	63, 64
Тарих-адамзат ақыл - ойының қазынасы	7
Тарихи тұлғалар	48
Тұңғыштар	33
Ұстаз-мектептегі басты тұлға	54

Көрсеткішке кірген басылымдар тізімі

Айгөлек	10, 59
Ақиқат	23, 30
Алтын Орда	57
Ана тілі	31
Әдебиет айдыны	26
Болашак	27
Жас өркен	53
Жұлдыз	56, 58, 62
Жыл - он екі ай	11
Егемен Қазақстан	13, 14, 15, 16, 25, 29, 65-67
Қазақ әдебиеті	4
Қазақ тілі мен әдебиеті	24, 46, 50, 60
Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде	40
Костанай	17, 53
Қостанай таңы	20, 41-43, 51, 52
Мәдени мұра	8
Мектептегі сыныптан тыс жұмыстар	19
Ұлан	12
Түркістан	21, 22, 49, 55

К ЧИТАТЕЛЮ!

*Предлагаем вам очередное пособие из серии библиографических указателей «Писатели нашего времени», посвященных писателям Казахстана. Данный выпуск посвящен жизни и творчеству **Мыржакына Дулатова**.*

***Цель** пособия – собрать воедино весь имеющийся в нашей библиотеке материал, дать общее представление о писателе, его жизни и творчестве.*

***Источниками** при составлении указателя послужили фонды ОДЮБ им. И. Алтынсарина.*

***В структуре** пособия обширный биографический материал, список произведений автора, материалы о его жизни и творчестве.*

***Справочный аппарат** указателей представлен «**Алфавитным указателем авторов и заглавий книг**» а так же «**Списком периодических изданий, материалы из которых включены в указатель**»*

Хотелось бы всех поименно назвать...

А. Ахматова

«Хотелось бы всех поименно назвать,

Да отняли список, и негде узнать», - писала Анна Ахматова в поэме «Реквием» о тех страшных днях, когда тысячи советских людей незаконно с уголовниками и другими преступниками томились в ГУЛАГАХ по всей территории Советского Союза, а многочисленные очереди из родственников стояли дни и ночи в надежде узнать что-либо о судьбе близких. Это о тех страшных днях, когда власть имущие могли свободно вычеркнуть любую фамилию из списка писателей, перечеркнуть их прошлое, настоящее и будущее. Чем же люди были так не угодны существующему режиму? За что же их пытали, расстреливали? За что их не печатали столько лет?

50-60 лет для истории очень мало, но это вся человеческая жизнь. Забытые имена, загубленные судьбы и культура. Но суд памяти берет свое. И вот у нас, в Казахстане, как и по всей стране, в 1988 году реабилитирована группа тех, кто стоял у источников казахской литературы. Вот их имена: Магжан Жумабаев, Мыржакып Дулатов, Ахмет Байтурсынов, Шакарим Кудайбердиев. Некоторые имена начали появляться ещё во времена «оттепели» 50-х 60-х годах XX века. Это Ильяс Жансугуров, Сакен Сейфуллин. Тогда же появились и их книги, слова их заучивались и повторялись, как молитва.

*И мы не вернемся обратно,
Но наши потомки не раз
У памятника, вероятно,
По-доброму вспомнят о нас.*

ДУЛАТОВ МЫРЖАКЫП (1885-1935): жизнь и творчество

Многогранная жизнь и деятельность замечательного поэта, писателя, переводчика, журналиста, педагога М. Дулатова приходится на начало XX века. Выйдя на общественную арену вместе с активной частью интеллигенции, М. Дулатов активно влиял на национальное самосознание народа и призывал к его освобождению.

Мыржакып Дулатов родился 25 ноября 1885 года в ауле номер 3 Сарыкопинской волости бывшего Тургайского уезда (ныне Кустанайской области). Его отец Дулат, будучи грамотным, поэтически одарённым, был убеждён, что только наука, искусство и знания могут быть полезны молодому джигиту в этом мире, поэтому большое внимание уделял обучению грамоте своих сыновей: Аскара и Мир-Якуба (Мыржакыпа). С пяти лет Мир-Якуб был отдан в мусульманскую школу. Затем, в 1897 году поступил в Тургайскую русско-казахскую школу, где учителем был Муқан Токтабаев (ученик И. Алтынсарина). И хотя с ранних лет Мыржакып остался сиротой (мать умерла,

когда ему было всего 2 года, отца лишился в 12 лет, находился на попечении состоятельного и влиятельного дяди), Мыржакып получил хорошее образование. Способствовала этому именно Алтынсаринская школа, которая привила любовь к знаниям. Затем он учился в Тургайском двухклассном русско-казахском училище. Окончив педагогические курсы, с 1902 года в течение шести-семи лет работал учителем в своём ауле. Кроме истории, политики, экономики, он изучает науку, литературу, искусство, философию и языки. М. Дулатов в 20 лет был всесторонне образованной личностью, владел несколькими языками — русским, тюркским, арабским, узбекским, немецким.

Молодой, энергичный, жизнерадостный, Мыржакып старается понять, постичь истину, изменить жизнь. Дулатов пытается сначала теоретически объяснить социально-экономическое, историческое положение казахского общества и приходит к убеждению, что только революционное переустройство изменит жизнь. Желание изменить положение народа приводит Дулатова к революционной борьбе. В 1904 г. он едет в Омск найти Ахмета Байтурсынова — активного деятеля революционного движения. Байтурсынов помогает молодому Мыржакыпу разобраться в политических событиях, забирает его с собой в Как-Каралинск для организации там просветительской деятельности. В 1905 г. М. Дулатов организует союз «**Ахандар**», в который входят соратники А. Байтурсынова. В 1906 году в составе группы делегатов М. Дулатов ездил в Петербург: в 1907 году (там же) принимал активное участие в издании газеты «**Серке**» («**Вожак**»), напечатал стихи «**Жастарға**» (1907).

В 1909 г. в Уфе вышел сборник его стихов «**Оян қазақ!**» (Проснись, казах!). Сборник начинается вступительной статьёй самого Дулатова, где он говорит о состоянии современного ему казахского общества. Говорит о том, что в мире происходят большие перемены, движение в сторону науки, просвещения, культуры, лишь только казахский народ как бы в стороне от этих событий. Нет книг, газет на казахском языке, всё, что издаётся на татарском языке, непонятно для основной массы. «Если мы не задумаемся о своей жизни и не предпримем какие-либо активные решения, мы будем народом без будущего». В самом же сборнике говорится:

*...Раскрой глаза, голову подними.
В темноте, впустую проходят дни твои.
Твоя земля потеряна,
Бог отвернулся, в жизни нет просвета.
Казахи, разве можно бездействовать,
Негоже терпеть всё это...*

В стихотворениях «**Насихат**», «**Размышления об угнетённом народе**» говорится:

*...Не надо много слов — нужна культура.
... Если из миллиона выйдет лидер,
Из ста выйдет его последователь,
Который будет ярким примером*

Полезности просвещения и ума...

В 1910 г. Казани в типографии братьев Каримовых выходит первый казахский роман **«Бақытсыз Жамал»** (Несчастная Жамал). Этот роман занимает значительное место в творчестве Дулатова. В своё время это была одна из самых читаемых книг казахских авторов. В нем рассказано о тяжёлой судьбе казахской девушки. Хотя эта тема не нова в казахском фольклоре и литературе, новаторство романа в том, что автор пытается проанализировать социальную и психологическую сторону проблемы. Сюжетная канва такова: у Сарсенбая долго не было детей, наследников. Вторично женится он не решается, т. к. нежно любит и уважает свою жену Калампыр. Но когда его в соседнем ауле обзывают «кубасом» (буквально — голый череп — оскорбительное слово для бездетных), решается жениться вторично. Он берёт в жёны четырнадцатилетнюю Шолпан, которая рождает дочь — Жамал. Дочь все балуют, она вырастает гордой и своенравной, решительной. Она охотно учится грамоте, читает интересные книги своим гостям, становится любимицей аула. Её замечает богатый волостной бай Байжан, хочет женить своего глуповатого сына. Жамал переживает, выражая своё разочарование в стихах. Неожиданно на вечеринке она встречает юношу Али, они полюбили друг друга. Али решается её выкрасть, увозит в город. Но их счастье было недолгим, неожиданно Али умирает. Далее события разворачиваются так: родители забирают убитую горем Жамал в аул, выдают за ненавистного Жумана. Тот начинает мстить побоями, насмешками, унижениями. Жамал вновь бежит в город и замерзает в буран, сбившись с пути.

Хотя в романе присутствует некоторая эскизность, бездоказательность, роман раскрывает перед читателем всю глубину духовного мира самого автора.

В 1913 году в Оренбурге выходит сборник стихов **«Гражданин»**, в 1915 году – литературно-публицистическая книга «терме», в эти же годы автор пишет учебники по литературе, арифметике, переводит на казахский язык ряд произведений Фирдоуси, Крылова, Пушкина, Лермонтова, Шиллера, Тукая. Также регулярно публиковал статьи в «Айқап» на различные темы (учебно-просветительские, о культуре и т.д.) В эти годы вместе с А. Байтурсыновым занимается выпуском газеты **«Қазақ»**. Был одним из первых лидеров правительства «Алаш», программа которой привлекла Дулатова национально-демократической сутью.

С 1920 по 1929 гг. Мыржакып Дулатов работает учителем, редактором газеты «Ақжол» (Правильная дорога). Кроме того, в 1921 г. избирается судьёй области. В 1922 г. был посажен в тюрьму, через 9 месяцев в Оренбурге выпущен вместе с Алиханом Букейхановым. В 1922-1926 гг. работал преподавателем в Казахском институте народного образования (КИНО) в Оренбурге. В эти годы Дулатов занимается разработкой учебно-методической литературы, публикует учебное пособие **«Основы математики»**; печатается ряд литературно-критических статей, статей об экономике, политике, науке. Выходят в свет его драматические произведения (пьеса **«Балкия»**.) В 1922 г. в Ташкенте издает

«Есеп құралы» - пособие в двух частях, в 1924 г. книгу «Қирағат» - библиографический указатель казахских книг.

Учитель с универсальным образованием, М. Дулатов оставил после себя богатое духовное наследие. Его произведения о традициях, обычаях, об эстетическом, этическом воспитании являются ценными для сегодняшнего поколения. Развивая идеи И. Алтынсарина о просвещении, М. Дулатов, как и А. Байтурсынов, уделяет большое внимание проблемам учебно-воспитательной работы, методической работе. Эту идею можно заметить в статье «Мұғалімдерге», во вступительном слове к книге «Қирағат». Суть данной идеи заключается в привитии ученикам навыков запоминания, осмысления прочитанного. М. Дулатов, как и выдающийся русский педагог К.Д. Ушинский, указывает на необходимость участия основных чувств ученика при чтении, письме, решении задач.

Педагог особое внимание уделяет некоторым психологическим аспектам вопросов воспитания, учебы одаренных детей. Однако, как метко замечает он, что без науки воспитания никакая одаренность не может достичь своей вершины. Сегодня мы должны воспитывать подрастающее поколение к любви к родному языку, впитывая в себя все прекрасное, что есть в национальной культуре, быте, обычаях, традициях. «В начальных классах воспитание должно быть конкретным, впечатлительным, лишь тогда ребенок будет устойчиво воспитанным, верным к своему народу, знания должны быть взаимосвязанными с воспитанием».

Пособие М. Дулатова «Есеп құралы» и сейчас является образцом для создателей учебников по математике. Его первоначальный выпуск состоялся в 1914 г. в Оренбурге. В него вошли задачи, примеры по математике, где учтены национальные психологические особенности казахского народа. Например, в задачах использованы казахские имена, вопросы в задачах: сколько овец, лошадей и т.д.

Книга М. Дулатова «Қирағат» (1924) по своему содержанию, структуре также учитывала национальные особенности, рассказы написаны общедоступным языком для учащихся начальных классов.

В воспитательной деятельности М. Дулатова мы часто убеждаемся в его приверженности в воспитании детей к гуманистическому, нравственному воспитанию. Эта тема и сегодня актуальна. Такое видение реальной действительности мы встречаем 80 лет тому назад в идейных взглядах М. Дулатова. «Обучая, воспитывая детей, мы должны не отчуждаться от религии», - замечает писатель. Если ребенок применяет религию в своей жизненной позиции, то он будет воспитан как разносторонний человек. «Изучение религии должно быть наравне с другими предметами, пишет Дулатов.

В 1920-1922 годы в Оренбурге интеллигенцией Казахстана было открыто «Общество изучения жизни, быта и культуры киргизского края». Результатом его деятельности было издание «Трудов», где печатались статьи по этнографии, экономике, культуре. В середине 20-х годов усилились дискуссии по вопросу о

принятии латинской или арабской письменности. И М. Дулатов в 1924 г., на первом съезде киргиз-казахских просвещенцев, состоявшемся в Оренбурге, выступил с докладом, где доказывал особенности и преимущества арабской письменности.

В 1927-1929 годы в жизни М. Дулатова наступили мрачные дни, один за другим исчезали друзья, соратники, большие учёные, деятели литературы и искусства. В Казахстане началось преследование интеллигенции. В 1929 г. и Дулатову было предъявлено обвинение в нелегальной деятельности по возрождению буржуазно- националистического движения. Он был арестован и приговорен к расстрелу, который впоследствии был заменен заключением на 10 лет ссылки на станцию Сосновец Приморского края. Скончался М. Дулатов в Соловецком лагере 5 октября 1935 г. «от нарастающего упадка сердечной деятельности», как сказано в медицинском заключении. По ходатайству сотрудников лазарета, где Дулатов работал фельдшером, и по просьбе местных жителей лагерное начальство разрешило похоронить осужденного на вольном кладбище.

Имя и творчество М. Дулатова было запрещено даже после его смерти. Лишь 4 ноября 1988 г. он был реабилитирован. В 1991 г. было издано собрание его сочинений, включающее в себя стихи, прозаические произведения, журнально-газетные статьи. В 1992 году тело казахского поэта, патриота, гражданина перезахоронено в Тургае — родине Мыржакыпа Дулатова. В память о нём в 2001 г. в Костанайе появилась улица имени М. Дулатова. В 2003 г. его именем был назван Костанайский инженерно-экономический университет.

Произведения М. Дулатова

1. Дулатов, М. Ахмет Байтурсунович Байтурсунов: биографический очерк // Элем: Альманах.- А., 1991. - Вып. 1.- С. 80-87.
2. Дулатов, М. Рассвет; Пожалейте сирот: стихи // Казахская литература: хрестоматия: учеб. пособ. для 10-11 кл. - А., 2004. - С. 151-152.
3. Дулатов, М. Рассвет; Пожалейте сирот: стихи // Хрестоматия по казахской литературе для 8-11 кл. русских школ. В 2 томах. Т. 1. / Сост. В. В. Литвиненко, О. В. Назарова. - Челябинск, 2001. - С. 325-327.

Литература о жизни и творчестве М. Дулатова

4. Абсеметов, М. Поэт. Ученый. Просветитель: [Дулатов М.] // Элем: альманах. - А., 1991. - Вып. 1. - С. 68-80.
5. Ананьева, С. Возвращение плеяды: рецензия на книгу А.С. Исмаковой "Возвращение плеяды. Экзистенциальная проблематика в творчестве Ш. Кудайбердиева, А.Байтурсынова, Ж.Аймауытова, М. Жумабаева, М. Дулатова, М. Ауэзова" / С. Ананьева // Книголюб.- 2005.- № 3. - С. 44.

6. Батырбекова, Р. Мир Якуп Дулатов: автобиография / Р. Батырбекова // Батырбекова, Р. Научные искания.- Алматы, 2004. - С. 44-46.
7. Батырбекова, Р. Произведения М. Я. Дулатова в "Трудах по востоковедению лазаревского института восточных языков"/ Р. Батырбекова // Батырбекова, Р. Научные искания. - Алматы, 2004. - С. 47-48.
8. Биданова, А. Запрещенные, но не забытые / А. Биданова // Казахстанская правда. - 2008.- 15 августа. - С. 11.
9. Гонгало, В. Становление правовой и философской мудрости казахского народа / В. Гонгало // Саясат. - 2008. - № 7. - С. 53-69.
10. Джумабаев, Н. Наш университет достойно носит имя Мыржакыпа Дулатова / Н. Джумабаев // Костанай. - 2006.- 23 ноября. - С. 4.
11. Документы и материалы об изучении истории Алаш-Орды и издании литературы, о реабилитации некоторых деятелей движения Алаш (1926-1991) // Алаш қозғалысы: құжаттар мен материалдар жинағы. Т. 4.: 1918-2007 жж.- Алматы.- 2008. - С. 16-68. - (Алаш мұрасы).
12. Дулатов Мыржакып: биография // Положи свое сердце книгам: писатели Казахстана-детям и взрослым / ГДБ им. С. Бегалина.- Алматы, 2007.- С. 107-109.
13. Жетписбаева, Б. Пушкин и казахские поэты начала XX века / Б. Жетписбаева // Литературный Казахстан. - 2009. - № 2. - С. 224-231.
14. Кадралинова, М. Т. Мир-Якуб Дулатов — автор первого казахского романа / М. Т. Кадралинова // Возвращённые имена: обзор жизни и творчества. - Костанай, 2000. - С. 140-194.
15. Красный террор - казахские жертвы / Ш. Кумисбаев // Они были первыми. - 2007. - С. 133—170.
16. Мыржакып Дулатов. Из плена забвения: мультимедийное методическое пособие / сост. У. М. Рыщанова. - Костанай: ОУНБ им. Л. Н. Толстого, 2010.
17. Сатпаева, Ш. К. Мыржакып Дулатов / Ш. К. Сатпаева, Х. А. Адибаев // Казахская литература: учебник для для 10-11 кл. - изд. 5-е. - А., 2003. - С. 136-142.
18. Тахан, С. Ш. Поэтика образа человека в казахской эпической прозе первой четверти двадцатого века / С. Ш. Тахан // Евразия. - 2007.- № 1. - С. 81-85.
19. Цветкова, И. А. Летопись горького времени: сценарий, посвященный отечественной истории / И. А. Цветкова // Внеклассная работа в школе.- 2010. - № 4. - С. 44-49.
20. Шапжантаева, М. Ш. Мыржакып Дулатов / М. Ш. Шабжантаева // Звёзды казахской литературы. - Кокшетау, 2005. - С. 149-154.

Указатель имен авторов, составителей, переводчиков, художников
(цифры означают порядковый номер описания в списке)

Абсеметов М.

4

Ананьева С.	5
Ауэзов М.	5
Байтурсынов А	1, 5
Батырбекова Р.	6, 7
Биданова А.	8
Гонгало В.	9
Джумабаев Н.	10
Дулатов М.	1-3, 5, 6, 12
Жетписбаева Б.	13
Жумабаев М.	5
Исмакова А. С.	5
Кадралинова М. Т.	14
Кудайбердиева Ш.	5
Кумисбаев Ш.	15
Литвиненко В. В	3
Назарова О. В.	3
Рыщанова У. М.	16
Сатпаева Ш. К.	17
Тахан С. Ш.	18
Цветкова И. А.	19
Шапжантаева М. Ш.	20

Алфавитный указатель заглавий книг и статей

Алаш қозғалысы	11
Возвращение плетяды	5
Возвращённые имена	14
Звёзды казахской литературы	19
Из плена забвения	17
Казахская литература	2, 16
Научные искания	6
Они были первыми	15
Положи свое сердце книгам	12
Хрестоматия по казахской литературе	3

Список периодических изданий, материалы из которых включены в указатель

Әлем	1, 4
Внеклассная работа в школе	18
Евразия	17

Казахстанская правда	8
Книголюб	5
Костанай	10
Литературный Казахстан	13
Саясат	9

Мазмұны

Міржакып Дулатұлы Ақын, драматург, Алаш қайраткері	3-9 б.
Мыржакып Дулатовтың шығармалары	9-10 б.
Мыржакып Дулатовтың туралы әдебиеттер	10-14 б.
Авторлар көрсеткіші	14 б.
Шығармалардың алфавиттік көрсеткіші	14-15 б.
Көрсеткішке кірген басылымдар тізімі	15 б.

Содержание

Жизнь и творчество М. Дулатова	С. 16-21
Произведения М. Дулатова	С. 21
Литература о жизни и творчестве М. Дулатова	С. 21-22
Указатель имен авторов, составителей, переводчиков	С. 23
Алфавитный указатель заглавий книг и статей	С. 23
Список периодических изданий, материалы из которых включены в указатель	С. 24

Құрастырған: Сайрамбаева Ж. И., Астафьева Е. А.
Компьютермен терген: Сайрамбаева Ж. И., Астафьева Е. А.
Редакторы: Жуламанова К.М.
Шығаруға жауапты: Теплякова Н. М.

Составители: Сайрамбаева Ж. И., Астафьева Е. А.
Компьютерный набор: Сайрамбаева Ж. И., Астафьева Е. А.
Редактор: Жуламанова К.М.
Ответственный за выпуск: Теплякова Н. М.